

**МАҚҰЛДАНДЫ**

**«Halyk Finance» АҚ  
Басқармасы**

**хаттама № 28/17  
«24» шілде 2017 жыл**

**КЕЛІСІЛДІ**

**«Halyk Finance» АҚ  
Заң департаменті**

**БЕКІТІЛДІ**

**«Halyk Finance» АҚ  
Директорлар кеңесі**

**шешім № 21/17  
«28» шілде 2017 жыл**

**КЕЛІСІЛДІ**

**«Halyk Finance» АҚ  
Тәуекел-менеджмент  
департаменті**

**ӘЗІРЛЕНДІ**

**«Halyk Finance» АҚ  
Комплаенс-бақылау басқармасы**

\_\_\_\_\_/Тундыбаева Р.Т.

\_\_\_\_\_/Кулунчакова Ж.К.

\_\_\_\_\_/Серикова З.О.

**Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен  
пайдалануды ішкі бақылау  
Е Р Е Ж Е Л Е Р І**

**Алматы қ.  
2017**

## 1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелері (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңына, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ «Halyk Finance» АҚ (бұдан әрі – Компания) Жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Бұл Ереженің мақсаты инсайдерлік ақпаратты пайдалану мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Ереже төмендегілерді орнату арқылы инсайдерлік ақпаратты құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған:

- Компанияның инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпаратының тізімі;
- Компанияның инсайдерлік ақпаратын жариялау тәртібі мен мерзімі;
- Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқықтарын ажырату тәртібі;
- инсайдерлердің тізімін жүргізу, өзекті күйде сақтау тәртібі;
- Компанияның инсайдерлер тізіміне енгізген, тізімнен шығарған жағдайда тұлғаларға хабарлау тәртібі мен мерзімдері;
- Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалаға Компанияның ақпаратын беру тәртібі мен мерзімдері;
- Компанияның инсайдерлері үшін шектеулер;
- Компанияның инсайдерлік ақпаратын және Компания инсайдер болып танылған эмитенттерді жариялау үшін жауапкершілік.

4. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) **инсайдерлік ақпарат** – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер, сондай-ақ Компания немесе бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) Эмитент туралы, Компаниямен немесе Эмитентпен жүзеге асырылатын қызмет туралы, коммерциялық құпияны құрайтын шынайы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, жариялануы бағалы қағаздардың құнының (туынды қаржы құралдарының) құнының өзгеруіне және олардың Компаниясының/Эмитенттің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге ақпарат;

2) **инсайдер** – инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлға;

3) **уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

4) **басқарушы қызметкер** – атқарушы органның Төрағасы мен мүшелері, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқарушы қызметкерлер танылған өзге қызметкерлер;

5) **эмитент** – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

5. Комплаенс-бақылау басқармасы инсайдерлердің келесі тізімдерін жүргізу үшін жауапты бөлімше болып табылады:

- Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімі;
- қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай Компания инсайдер болып танылған эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алатын Компания қызметкерлерінің тізімі.

Компания мен оның қызметкерлерінің осы Ережені сақтауын қадағалауды Комплаенс-бақылау басқармасы жүзеге асырады.

6. Компанияның әрбір қызметкері, сондай-ақ Компанияның әрбір инсайдері осы Ереженің талаптарын орындау үшін жауапты.

7. Инсайдерлер болып табылатын тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын және осы Ережені орындауын қамтамасыз ету мақсатында, осы Ереже инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалану бөлігінде мемлекеттік және орыс тілдерінде Компанияның интернет-ресурсында [www.halykfinance.kz](http://www.halykfinance.kz) жарияланады, сондай-ақ Компанияның инсайдерлеріне олардың жазбаша сұратуы бойынша ұсыныла алады.

Компания осы Ереженің көшірмелерін жасау шығындарынан аспайтын мөлшерде осы Ереженің көшірмелерін ұсыну ақысынан басқа, осы Ережемен танысуға ақысыз еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

8. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

## **2 бөлім. Инсайдерлік ақпарат тізбесі**

9. Компанияның инсайдерлік ақпаратына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 102 бабының 2 тармағына сәйкес Компанияның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Компания қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатады:

- Компания органдары құрамының өзгерістері;
- Компанияның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін (үлесін) иеленетін акционерлер (қатысушылар) құрамының өзгерістері;
- Компанияның қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы;
- Компанияның мүлкіне тыйым салынуы;
- Компания активтерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомада эмитент мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
- Компанияның лицензиясының алынуы, тоқтатыла тұруы немесе одан айыру;
- Компания акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысында қабылданған шешімдер;

– директорлар кеңесі мәселелердің тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер, олар туралы ақпарат Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізілуге тиіс;

– Компания әрбір осындай ұйым акцияларының он және одан да көп процентін (үлесін, пайын) иеленетін ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;

- эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер;
- мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісінде көзделген талаптарды сақтамауы, Компания жол берген дефолт деректері туралы ақпарат.

2) Компанияның қаржы есептілігі және Компанияның қаржылық жағдайын көрсететін өзге мәліметтер туралы инсайдерлік ақпарат;

3) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 79 бабының 1 тармағына сәйкес Компанияның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатады:

- акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
- директорлар кеңесі мәселелер тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер, бұл мәселелер туралы ақпарат Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізілуге тиіс;

– Компанияның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Компанияның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Компанияның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

– Компанияның ірі мәмілелерді және жасалуында қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуы;

– Компания активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға компанияның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

– Компанияның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;

– қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Компанияның рұқсаттар алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Компанияның бұрын алған рұқсаттары қолданысының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

– Компанияның заңды тұлға құруға қатысуы;

– Компанияның мүлкіне тыйым салынуы;

– нәтижесінде баланстық құны Компания активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын Компания мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

– Компанияның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

– сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

– Компанияны мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

– Компанияның жарғысына, сондай-ақ Компанияның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Компания акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпарат.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес инсайдерлік деп танылатын өзге ақпарат.

10. Компания мен эмитенттің арасында жасалған келесі қызметтерді көрсету туралы шарттың күшіне орай Компания эмитентке қатысты инсайдер танылуы мүмкін:

– бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығару туралы эмитентке қаржылық кеңес беру;

– андеррайтинг қызметтері;

– облигацияларды ұстаушы өкілінің қызметтері;

– эмитенттің инвестициялық портфелін басқару;

– эмитенттің жеке шотынан маркет-мейкер қызметтері.

11. Компания мен эмитенттің инсайдерлік ақпаратына мыналар жатпайды:

1) Инвестициялық шешімдерді қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операциялар жүргізу туралы кеңестерді немесе ұсыныстарды дайындау мақсатында жүргізілген Компанияның немесе эмитенттің бағалы қағазының (туынды қаржы құралының) құнына, мүлктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдар мен бағалауды қоса алғанда, жалпы қолжетімді мәліметтердің негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) алынған көзі белгісіз, тұлғалардың кең ортасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Компанияның немесе эмитенттің ағымдағы немесе жоспардағы қызметіне қатысты болжамдар.

Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі бақылау ережесінің талаптарына сәйкес шектеусіз тұлғалар ортасына жариялау сәтіне дейін ақпарат инсайдерлік болып танылады.

### **3 бөлім. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар тізімі**

12. Келесі тұлғалар Компанияның инсайдерлері болып табылады:

1) қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Компанияның қызметкерлері;

2) Компанияның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он немесе одан артық пайызын тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) иелік етудің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар;

3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары және инсайдерлік ақпаратты жариялау көзделген шартқа (соның ішінде ауызша) сәйкес Компанияға қызмет көрсететін өзге тұлғалар;

4) тізіміне Компаниямен шығарылған (ұсынылған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген саудалауды ұйымдастырушы;

5) сауда жүйесінде Компанияның бағалы қағаздарымен және амал жасау мақсатында бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен жүргізілген мәмілелерді мойындау мәселелерін қарау мақсатында құрылған қор биржасының директорлар кеңесінің, қор биржасының листинг комиссиясының және қор биржасының сараптама комитетінің мүшелері;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның ведомствосының қызметкерлері, берілген функциялары мен өкілеттіліктерінің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер;

7) мүшелері Компания және берілген өкілеттіліктерінің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар, осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өздігінен реттелетін ұйымдар;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген, қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдардың қызметкерлері;

9) осы тармақтың 1)-8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

Тізімге енгізу негіздемесінің, инсайдер мәртебесіне ие болған күнінің және тізімінен шығарылған күнінің көрсетілуімен, Компания инсайдерлерінің тізімі осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес орнатылады.

13. Қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай, Компания инсайдер болып танылған эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар Компания қызметкерлерінің тізбесіне төменде көрсетілген мерзімде эмитентке қызмет көрсететін құрылымдық бөлімше басшысына хабарландыру негізінде төменде көрсетілген тізімдегі тұлғалар енгізіледі:

| № | Эмитент/қызметтің атауы   | Компания қызметкерлерінің тізбесі  | Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділі алу мерзімі  |
|---|---|--|---|
| 1 | Компания бағалы қағаздарды (қаржы құралдарын) шығару жөніндегі қаржылық кеңес беру қызметтерін көрсететін эмитент | Басқарма Төрағасы;<br>Қаржылық кеңес беруді үйлестіретін Басқарма мүшесі;<br>Қаржылық кеңес беру андеррайтинг департаментінің директоры;<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын Қаржылық кеңес беру андеррайтинг департаментінің қызметкерлері;<br>Бас есепші;<br>Заң департаментінің директоры,<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын Заң департаментінің қызметкерлері;<br>Инсайдерлердің тізімін жүргізетін Комплаенс-бақылау басқармасының қызметкерлері; | Шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен эмитенттің ішкі бақылау ережелерінің талаптарына сәйкес эмитент шектеусіз тұлғалар ортасына жариялаған сәтке дейін. |

|   |  |  |   |
|---|--|--|---|
|   |  | Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алған өзге тұлғалар.   |   |
| 2 | Компания андеррайтинг қызметтерін көрсететін эмитент                               | Басқарма Төрағасы;<br>Қаржылық кеңес беруді үйлестіретін Басқарма мүшесі;<br>Қаржылық кеңес беру андеррайтинг департаментінің директоры;<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын Қаржылық кеңес беру андеррайтинг департаментінің қызметкерлері;<br>Бас есепші;<br>Заң департаментінің директоры,<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын Заң департаментінің қызметкерлері;<br>Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алған өзге тұлғалар. | Шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен эмитенттің ішкі бақылау ережелерінің талаптарына сәйкес эмитент шектеусіз тұлғалар ортасына жариялаған сәтке дейін. |
| 3 | Компания облигацияларды ұстаушы өкілінің қызметтерін көрсететін эмитент            | Басқарма Төрағасы;<br>Қаржылық кеңес беруді үйлестіретін Басқарма мүшесі;<br>Қаржылық кеңес беру андеррайтинг департаментінің директоры;<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын Қаржылық кеңес беру андеррайтинг департаментінің қызметкерлері;<br>Бас есепші;<br>Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алған өзге тұлғалар.  | Шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен эмитенттің ішкі бақылау ережелерінің талаптарына сәйкес эмитент шектеусіз тұлғалар ортасына жариялаған сәтке дейін. |
| 4 | Компания эмитенттің инвестициялық портфелін басқару қызметтерін көрсететін эмитент | Басқарма Төрағасы;<br>Эмитенттің инвестициялық портфелін басқаруды үйлестіретін Басқарма мүшесі;<br>Қазынашылық департаментінің директоры;<br>Активтерді инвестициялық басқару басқармасының бастығы;<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын активтерді инвестициялық басқару басқармасының қызметкерлері;<br>Бэк-офис және есептілік департаментінің директоры;  | Шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен эмитенттің ішкі бақылау ережелерінің талаптарына сәйкес эмитент шектеусіз тұлғалар ортасына жариялаған сәтке дейін. |

|   |   |  |   |
|---|---|--|---|
|   |   | Бэк-офис және есептілік департаменті директорының орынбасары;<br>Инвестициялық портфельді басқаруды есепке алу басқармасының бастығы;<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын инвестициялық портфельді басқаруды есепке алу басқармасының қызметкерлері;<br>Бас есепші;<br>Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алған өзге тұлғалар.  |   |
| 5 | Компания эмитенттің меншікті шотынан маркет-мейкер қызметтерін көрсететін эмитент | Басқарма Төрағасы;<br>Маркет-мекерлікті үйлестіретін Басқарма мүшесі;<br>Қазынашылық департаментінің директоры;<br>Брокерлік-дилерлік қызмет басқармасының бастығы;<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын брокерлік-дилерлік қызмет басқармасының қызметкерлері;<br>Сату департаментінің директоры;<br>Эмитентке қызмет көрсетуге қатысатын сату департаментінің қызметкерлері;<br>Бас есепші;<br>Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алған өзге тұлғалар. | Шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен эмитенттің ішкі бақылау ережелерінің талаптарына сәйкес эмитент шектеусіз тұлғалар ортасына жариялаған сәтке дейін. |

#### 4 бөлім. Инсайдерлердің тізімін жүргізу және өзекті күйде сақтау тәртібі

14. Инсайдерлерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды қамтамасыз ету мақсаттарында Компанияның Комплаенс-бақылау басқармасы инсайдерлердің келесі тізімдерін жүргізеді және өзекті күйде сақтайды:

– осы Ереженің 2 қосымшасындағы үлгі бойынша, осы Ереженің 1 қосымшасындағы 1-ші кестедегі 16 және 19 кестелерге дейін тармақшаларда көрсетілген тұлғалардың тізімі.

– осы Ереженің 3 қосымшасындағы үлгі бойынша осы Ереженің 13 тармағында көрсетілген тұлғалардың тізімі.

15. Комплаенс-бақылау басқармасы төмендегі ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде инсайдерлердің тізімдерін өзектендіреді:

– Кадрлық іс-қағаздардың жүргізілуі үшін жауапты Компания қызметкерінен қызметкердің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, жұмысқа

қабылданған/ жұмыстан шығарылған/ ауыстырылған күнінің көрсетілуімен Компанияның штаттық кестесінің өзгеруі туралы;

– осы Ереженің 6 бөліміне сәйкес осындай ұйымдардан осы Ереженің 1 қосымшасындағы кестенің 14) және 15) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қызметкерлерінің тізімдеріндегі өзгерістер туралы;

– эмитенттермен жасалатын шарттар бойынша Компаниямен жүргізілетін жобалардың мәртебесіндегі өзгерістер туралы. Бұл ақпарат Комплаенс-бақылау басқармасына мұндай өзгерістер туындаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күннен кешіктірмей құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен ұсынылады.

### **5 бөлім. Инсайдерлер тізіміне енгізу/жою туралы тұлғаларға хабарландыру тәртібі мен мерзімдері**

16. Компания осы Ереженің 1 қосымшасындағы кестенің 1)–16), 19) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға олардың инсайдерлер тізіміне енгізілгені/ тізімнен шығарылғаны туралы, инсайдерлік ақпаратқа ие болудың құқықтық салдары туралы және қолданыстағы заңнаманың инсайдерлік ақпаратты пайдалану мен иелік ету жөніндегі талаптарын және осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік туралы осындай тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізген/ тізімнен шығарған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлайды.

Тұлғаны осы Ереженің 4 қосымшасына (жеке тұлғалар үшін) сәйкес үлгі бойынша және осы Ереженің 5 қосымшасына (заңды тұлғалар үшін) сәйкес құрастырылған инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарландыру инсайдерлер тізіміне енізілген тұлғаға тікелей табысталады немесе аталмыш тұлғаның белгілі мекен-жайына жолданады.

Тұлғаны инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарландыру осы Ереженің 6 қосымшасына сәйкес үлгі бойынша құрастырылады және инсайдерлер тізімінен шығарылған тұлғаға тікелей табысталады немесе аталмыш тұлғаның белгілі мекен-жайына жолданады.

17. Осы бөлімді орындау мақсатында осы Ереженің 1 қосымшасындағы кестенің 1)–13) тармақшаларында көрсетілген, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар жеке тұлғаларды тізімге енгізу/тізімнен шығару туралы хабарландыруларды осындай жеке тұлғаның электрондық мекен-жайына осындай хабарландыруды жолдау арқылы жіберуге рұқсат етіледі.

### **6 бөлім. Компанияның инсайдерлері болып табылатын заңды тұлғалардың Компанияға ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері. Компания инсайдер болып танылған тұлғаларға Компанияның ақпарат беру тәртібі. Компанияның инсайдерлер тізімін уәкілетті органға беру тәртібі**

18. Осы Ереженің 1 қосымшасындағы кестенің 14) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалар міндетті:

1) қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің (соның ішінде басқарушы қызметкерлердің) тізімін жүргізу;

2) осы Ереженің 2 қосымшасындағы үлгі бойынша жылдың 01 маусымы мен 01 қаңтарындағы жағдай бойынша және сәйкесінше 01 шілде мен 01 ақпаннан кешіктірмей, жарты жылда бір рет Компанияға қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің (соның ішінде басқарушы қызметкерлердің) тізімін беру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Ереженің Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары туралы өз қызметкерлеріне (соның ішінде басқарушы қызметкерлеріне) хабарлау;



4) Мұндай тұлғалар мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өздігінен реттелетін ұйымдар туралы мұндай тұлғаларға Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік берілген күннен бастап 6 (алты) жұмыс күннен кешіктірмей Компанияға хабарлау. Бұл ретте, Компанияның инсайдерлік ақпараты Компанияның алдын ала жазбаша келісімі алынған жағдайда, мұндай тұлғалар мүше болып табылатын қоғамдық бірлестітер мен өздігінен реттелетін ұйымдарға жариялана алады. Компания мұндай келісімін бермеген жағдайда, заңды тұлғалар мұндай бірлестіктерге (ұйымдарға) Компанияның мұндай инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік бермейді. Бұл тармақшаның талаптары Компания мүше болатын қоғамдық бірлестіктер мен өздігінен реттелетін ұйымдарға таралмайды;

19. Заңды тұлға жоғарыда аталған мерзім ішінде Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік берілген/тоқтатылған қызметкерлер туралы ақпаратты бермеген жағдайда, Компания мұндай тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Ереженің талаптарын орынаду қажеттілігі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен орнатылған талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілік туралы ескерту-хат жолдауға құқылы. Бұл жағдайда, Компания хатты еркін үлгіде жазады.

20. Осы Ереженің 1 қосымшасындағы кестенің 14)–16), 19) тармақшаларынд көрсетілген заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасының Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптарын сақтау, соның ішінде қызметкерлерге (басқарушы қызметкерлерді қоса алғанда) Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік беру және/немесе қолжетімділікті тоқтату (жоб) туралы Компания мен өз қызметкерлеріне (басқарушы қызметкерлерді қоса алғанда) уақытылы хабарлау үшін жеке жауапкершілікті көтереді.

21. Компания инсайдер танылған эмитенттерге осындай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелерімен орнатылған тәртіпте және мерзіме Компания инсайдерлер тізімін ұсынады.

22. Компания инсайдерлерінің тізімі уәкілетті органның талабы бойынша осында талапта көрсетілген мерзімде Компаниямен ұсынылады.

23. Уәкілетті органға берілетін инсайдерлер тізімінде инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар туралы келесі ақпараттан тұруы тиіс:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, туған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) тұлғаны инсайдерлер тізіміне енгізудің негіздемесі (тұлға инсайдер ретінде анықталған заңнамалық актінің бабына сілтеме);
- 4) инсайдерлер тізіміне қосудың негіздемесі туындаған күн;
- 5) инсайдерлер тізімінен шығарылған күн (инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік тоқтатылған күн).

24. Компания инсайдерлер тізімін оны құру/ соңғы жаңарту сәтінен бастап сақтайды.

## **7 бөлім. Инсайдерлік ақпаратты пайдалану мен иелік етуді бақылау**

25. Инсайдерлер:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелерді жасасу кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайлардан өзге, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға табыстауға немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелерді жасасу туралы кеңес беруге құқылы емес.

26. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мұндай ақпаратты өздерінің қызметтік міндеттерін орындау

үшін қажетсінетін Компания қызметкерлерінің тарапынан осындай ақпаратқа қолжетімділікке тыйым салу үшін қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етуге міндетті.

27. Функционалдық міндеттері инсайдерлік ақпаратты пайдаланумен байланысты Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары құпия ақпаратқа қолданылатын режимнің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

28. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында Компанияның уәкілетті басқарушы қызметкерінің шешімімен мазмұны инсайдерлік ақпаратпен байланысты жобаға белгілі бір кодтық атуы беріле алады, кейіннен ол жұмыс істеу барысында жобаға қатысушылармен пайдаланылады.

29. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз жариялау немесе инсайдерлік ақпараттан тұратын құжаттардан (ақпарат тасушылардан) айырылуы қаупі немесе дерегі анықталған жағдайда, Компания қызметкері өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті, өз кезегінде ол бұл туралы келесі 12 (он екі) сағат ішінде Компанияның Комплаенс-бақылау басқармасына дереу хабарлайды.

30. Компанияның инсайдерлері инсайдерлік ақпаратқа қатысты талқылауларды қоғамдық орындарда жүргізбеулері тиіс.

31. Инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғалар инсайдерлік ақпараттың қорғалуы мен таралмауын, инсайдерлік ақпаратты жарияламау міндеттерін нақты орындауды және инсайдерлік ақпараттың заңсыз пайдаланылуы үшін жауапкершілік шараларын қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

## **8 бөлім. Инсайдерлік ақпаратты жариялау тәртібі**

32. Инсайдерлік ақпаратты жариялау оны Компанияның интернет-ресурсына орналастыру немесе «Курсивъ» республикалық іскерлік апталығы және/немесе «Казахстанская правда» жалпыұлттық апталық газеті, және/немесе «Егемен Қазақстан» ресми апталық үкіметтік газеті сияқты мерзімді басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде, барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық қолжетімділікпен жариялау арқылы іске асырылады.

33. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Компания қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында (бұдан әрі – қаржы есептілігінің депозитарийі) орналастырылады және осындай өзгерістер туындаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

34. Тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған Компанияның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған мерзімде қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылады.

35. Жариялау мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) саудалауды ұйымдастыру ережелерімен анықталған өзге инсайдерлік ақпарат ол туындаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Компаниямен жариялануы тиіс.

Инсайдерлік ақпаратты жариялау күні болып инсайдерлік ақпаратты Компанияның, қаржы есептілі депозитарийінің интернет-ресурсында немесе өзге бұқаралық ақпарат құралдарында алғашқы орналастыру (жариялау) күні саналады.

## **9 бөлім. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік**

36. Осы Ережеде көзделген шектеулер сақталмаған, инсайдерлік ақпарат заңсыз пайдаланылған және таратылған жағдайда, мұндай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген азаматтық, әкімшілік

жауапкершілікке тартылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өндіріп алу жөніндегі тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне 1 қосымша

**Компания инсайдерлерінің тізімі**

| № | Компания инсайдерлерінің тізімі  | Негіздемесі   | Тұлға инсайдер мәртебесіне ие болатын күн  | Инсайдерлер тізімінен шығару күні  |
|---|--|---|--|--|
| 1 | Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері  | Қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік | Компанияның уәкілетті органының Компанияның басқарушы қызметкерін лауазымына тағайындау күні | Компанияның уәкілетті органының Компанияның басқарушы қызметкерін лауазымынан алу күні |
| 2 | Басқарма Төрағасы мен мүшелері   | Компанияның Директорлар кеңесінің шешімі  | Компанияның уәкілетті органының Компанияның басқарушы қызметкерін лауазымына тағайындау күні | Компанияның уәкілетті органының Компанияның басқарушы қызметкерін лауазымынан алу күні |
| 3 | Инвестициялық комитеттің төрағасы мен мүшелері   | Компания Басқармасының шешімі   | Инвестициялық комитеттің құрамына сайлау күні  | Инвестициялық комитеттің құрамынан шығару күні   |
| 4 | Корпоративтік хатшы  | Компанияның Директорлар кеңесінің шешімі  | Компанияның уәкілетті органының аталған лауазымға тағайындау күні                            | Компанияның уәкілетті органының аталған лауазымнан босату күні                         |
| 5 | Ішкі аудит департаментінің басшысы мен қызметкерлері   | Компанияның Директорлар кеңесінің шешімі  | Компанияның уәкілетті органының аталған лауазымға тағайындау күні                            | Компанияның уәкілетті органының аталған лауазымнан босату күні                         |
| 6 | Бас есепші   | Еңбек шарты   | Еңбек шартын жасасу күні   | Еңбек шартын бұзу күні   |
| 7 | Қазынашылық департаментінің басшысы, Қазынашылық департаментінің Брокерлік-дилерлік қызмет басқармасының | Еңбек шарты   | Еңбек шартын жасасу күні   | Еңбек шартын бұзу күні   |

|    |   |                                     |   |  |
|----|---|-------------------------------------|---|--|
|    | басшысы мен қызметкерлері   |                                     |   |  |
| 8  | Тәуекел-менеджмент департаментінің басшысы мен қызметкерлері  | Еңбек шарты                         | Еңбек шартын жасасу күні                      | Еңбек шартын бұзу күні   |
| 9  | Заң департаментінің басшысы, Заң департаментінің Ішкі қызметті құқықтық сүйемелдеу басқармасының басшысы мен қызметкерлері  | Еңбек шарты                         | Еңбек шартын жасасу күні                      | Еңбек шартын бұзу күні   |
| 10 | Бэк-офис және есептілік департаментінің басшысы, Бэк-офис және есептілік департаментінің Брокерлік-дилерлік қызметті есепке алу басқармасының басшысы мен қызметкерлері | Еңбек шарты                         | Еңбек шартын жасасу күні                      | Еңбек шартын бұзу күні   |
| 11 | Ақпараттық технологиялар департаментінің басшысы мен қызметкерлері  | Еңбек шарты                         | Еңбек шартын жасасу күні                      | Еңбек шартын бұзу күні   |
| 12 | Ақпараттық жүйелерді дамыту департаментінің басшысы мен қызметкерлері   | Еңбек шарты                         | Еңбек шартын жасасу күні                      | Еңбек шартын бұзу күні   |
| 13 | Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес немесе олардың сәйкес жобаға қатысуына орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік алған өзге қызметкерлер                             | Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес | Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік беру күні | Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес немесе жобаға қатысумен байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік алатын жоба аяқталғанға дейін |

|    |   |  |   |   |
|----|---|--|---|---|
| 14 | Компаниядағы дауыс беруші акциялардың он немесе одан артық пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) иелік етудің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар | Компаниядағы дауыс беруші акциялардың он немесе одан артық пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) иелік ету құқығының болуы | Акцияларды сатып алу күні және/немесе Компаниядағы дауыс беруші акциялардың он немесе одан артық пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) иелік ету құқығы туындаған күн | Тұлға Компаниядағы дауыс беруші акциялардың он немесе одан артық пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) иелік ету құқығына ие болуын тоқтатқан күн |
| 15 | Аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары және инсайдерлік ақпаратты жариялау көзделген шартқа (соның ішінде ауызша) сәйкес Компанияға қызмет көрсететін өзге тұлғалар                                    | Қызмет көрсету туралы шарт   | Қызметтерді көрсету туралы шартты жасасу күні немесе осы шартта көрсетілген өзге күн, немесе инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік беру күні  | Қызметтерді көрсету туралы шартты жасасу/бұзу күні немесе осы шартта көрсетілген өзге күн, немесе инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік тоқтатылған күн   |
| 16 | Тізіміне Компаниямен шығарылған (ұсынылған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген саудалауды ұйымдастырушы  | Компанияның бағалы қағаздарын саудалауды ұйымдастырушының тізіміне енгізу күні   | Саудалауды ұйымдастырушының тізіміне бағалы қағаздарды енгізу күні  | Саудалауды ұйымдастырушының тізімінен бағалы қағаздарды шығару күні   |
| 17 | Сауда жүйесінде Компанияның бағалы қағаздарымен және амал жасау мақсатында бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен жүргізілген  | Компанияның бағалы қағаздарын саудалауды ұйымдастырушының тізіміне енгізу күні   | Саудалауды ұйымдастырушының тізіміне бағалы қағаздарды енгізу күні  | Саудалауды ұйымдастырушының тізімінен бағалы қағаздарды шығару күні   |

|    |   |   |  |  |
|----|---|---|--|--|
|    | <p>мәмілелерді мойындау мәселелерін қарау мақсатында құрылған қор биржасының директорлар кеңесінің, қор биржасының листинг комиссиясының және қор биржасының сараптама комитетінің мүшелері</p>   |   |  |  |
| 18 | <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның ведомствосының қызметкерлері, берілген функциялары мен өкілеттіліктерінің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер</p>   | <p>Іске асырылатын функциялар мен өкілеттіліктердің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділіктің бары</p>   | <p>Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алу күні</p> | <p>Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті тоқтату күні</p> |
| 19 | <p>Мүшелері Компания және берілген өкілеттіліктерінің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар, осы кестенің 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өздігінен реттелетін ұйымдар</p> | <p>Компания мен осы кестенің 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қоғамдық бірлестіктер мен өздігінен реттелетін ұйымдарға мүшелігі</p> | <p>Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алу күні</p> | <p>Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті тоқтату күні</p> |
| 20 | <p>Осы кестенің 14), 15), 16) және 19)</p>  | <p>Еңбек шарты</p>  | <p>Компанияның инсайдерлік</p>                                   | <p>Компанияның инсайдерлік</p>   |

|    |  |   |   |   |
|----|--|---|---|---|
|    | тармақшаларында көрсетілген, қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдардың қызметкерлері |   | ақпаратына қолжетімділік алу күні                         | ақпаратына қолжетімділікті тоқтату күні                         |
| 21 | Осы кестенің 1)-20) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар   | - | Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алу күні | Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті тоқтату күні |



Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне 2 қосымша

**«Halyk Finance» АҚ инсайдерлер тізімі**

| <b>№</b> | <b>ЖК Т.А.Ә./ЗТ атауы</b> | <b>ЖТ туған күні/ ЗТ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері/ ЗТ орналасқан жері</b> | <b>Тізімге енгізу негіздемесі</b> | <b>Тізімге енгізу негіздемесі туындаған күн</b> | <b>Тізімнен шығару күні</b> |
|----------|---------------------------|---|-----------------------------------|---|-----------------------------|
| 1        |                           |   |                                   |   |                             |

Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне 3 қосымша

**Эмитент инсайдерлерінің тізімі**

| <b>№</b> | <b>ЖК Т.А.Ә./ЗТ атауы</b> | <b>ЖТ туған күні/ ЗТ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері/ ЗТ орналасқан жері</b> | <b>Тізімге енгізу негіздемесі</b> | <b>Тізімге енгізу негіздемесі туындаған күн</b> | <b>Тізімнен шығару күні</b> |
|----------|---------------------------|---|-----------------------------------|---|-----------------------------|
| 1        |                           |   |                                   |   |                             |

Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне 4 қосымша

**Жеке тұлғаны  
«Halyk Finance» АҚ инсайдері тану туралы хабарландыру**

Осы арқылы «Halyk Finance» АҚ (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының \_\_\_\_\_ бабының \_\_\_\_\_ тармағына сәйкес \_\_\_\_\_ бастап Сіздің Компанияның инсайдері танылғаныңыз туралы \_\_\_\_\_ хабарлайды.

Осыған орай, Сіз Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңын, сондай-ақ «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережесін (Компанияның [www.halykfinance.kz](http://www.halykfinance.kz) интернет-ресурсында жарияланған) қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жариялау бөлігінде талаптарын сақтауға міндеттісіз, соның ішінде:

1) Компания эмитенті болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелерді жасасу кезінде Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдаланбау;

2) инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға табыстамау немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;

3) үшінші тұлғаларға Компанияның инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелерді жасасу туралы кеңес бермеу.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын және/немесе «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелерін бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке алып келеді.

Қазақстан Республикасының «Жеке деректер мен оларды қорғау туралы» заңының 10 бабының 1 тармағына сәйкес Компанияның инсайдері танылған тұлға, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге көзделмесе, өзінің меншікті жеке деректеріне қолжетімділік, жинау, өңдеу мен жариялауға Компанияға келісімін береді.

**Құрметпен,**

**Уәкілетті өкіл:**

\_\_\_\_\_

**Т.А.Ә.**

\_\_\_\_\_

**М.О.**

\_\_\_\_\_

### Заңды тұлғаны «Halyk Finance» АҚ инсайдері тану туралы хабарландыру

Осы арқылы «Halyk Finance» АҚ Ұйымның \_\_\_\_\_ (негіздемесін көрсету қажет) байланысты «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. бастап «Halyk Finance» АҚ инсайдері тану туралы \_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауын көрсету қажет), бұдан әрі – Ұйым, хабарлайды.

\_\_\_\_\_ бастап Сіздің Компанияның инсайдері танылғаныңыз туралы \_\_\_\_\_ хабарлайды.

Осыған орай, Ұйым Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңын, сондай-ақ «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережесін (Компанияның [www.halykfinance.kz](http://www.halykfinance.kz) интернет-ресурсында жарияланған) қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жариялау бөлігінде талаптарын сақтауға міндеттісіз, соның ішінде:

1) «Halyk Finance» АҚ эмитенті болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелерді жасасу кезінде «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратын пайдаланбау;

2) «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға табыстамау немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;

3) үшінші тұлғаларға «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелерді жасасу туралы кеңес бермеу;

4) қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасының, соның ішінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары, және «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелері туралы өз қызметкерлеріне (соның ішінде басқарушы қызметкерлеріне) хабарлау;

6) қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшіне орай «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелерімен орнатылған тәртіпте, үлгіде және мерзімде «Halyk Finance» АҚ хабарлау;

7) мүшесі Ұйым болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өздігінен реттелетін ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасының, соның ішінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптарын, және «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелерін сақтау қажеттілігі туралы (мұндай ұйымдарға «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпараты жарияланған жағдайда) хабарлау;

8) «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелерімен орнатылған тәртіпте және мерзімде Ұйым мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өздігінен реттелетін ұйымдар туралы (мұндай ұйымдарға «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпараты жарияланған жағдайда) «Halyk Finance» АҚ хабарлау.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын және/немесе «Halyk Finance» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелерін бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке алып келеді.

Қазақстан Республикасының «Жеке деректер мен оларды қорғау туралы» заңының 10 бабының 1 тармағына сәйкес Компанияның инсайдері танылған тұлға, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге көзделмесе, өзінің меншікті жеке деректеріне қолжетімділік, жинау, өңдеу мен жариялауға Компанияға келісімін береді.

**Құрметпен,**

**Уәкілетті өкіл:**

\_\_\_\_\_

**Т.А.Ә.**

\_\_\_\_\_

**М.О.**

\_\_\_\_\_

Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне 6 қосымша

**Тұлғаны «Nalyk Finance» АҚ инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарландыру**

Осы арқылы «Nalyk Finance» АҚ (бұдан әрі – Ұйым) байланысты  
*(негіздемесін көрсету қажет)* Сізді «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. бастап Ұйым инсайдерлерінің тізімінен шығару туралы \_\_\_\_\_ *(заңды тұлғаның атауын немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә. көрсету қажет)* хабарлайды.

**Құрметпен,**

**Уәкілетті өкіл:**

\_\_\_\_\_  
**Т.А.Ә.**

\_\_\_\_\_  
**М.О.**

**ОДОБРЕНЫ**  
Правлением  
АО «Halyk Finance»

протокол № 28/17  
от «24» июля 2017 года

**СОГЛАСОВАНЫ**

Юридическим департаментом  
АО «Halyk Finance»

**УТВЕРЖДЕНЫ**  
Советом директоров  
АО «Halyk Finance»

решение № 21/17  
от «28» июля 2017 года

**СОГЛАСОВАНЫ**

Департаментом риск-менеджмента  
АО «Halyk Finance»

**РАЗРАБОТАНЫ**  
Управлением комплаенс-контроля  
АО «Halyk Finance»

\_\_\_\_\_/Тундыбаева Р.Т.

\_\_\_\_\_/Кулунчакова Ж.К.

\_\_\_\_\_/Серикова З.О.

**П Р А В И Л А**  
**внутреннего контроля за распоряжением**  
**и использованием инсайдерской информации**

г. Алматы  
2017

## Глава 1. Общие положения

1. Правила внутреннего контроля за распоряжением и использованием инсайдерской информации (далее – Правила) разработаны в соответствии с Законами Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг», «Об акционерных обществах», нормативными правовыми актами уполномоченного органа, а также в соответствии с Уставом и внутренними нормативными документами АО «Halyk Finance» (далее – Компания).

2. Целью настоящих Правил является обеспечение соблюдения норм законодательства Республики Казахстан, регулирующих вопросы использования инсайдерской информации.

3. Правила направлены на обеспечение сохранности сведений, составляющих инсайдерскую информацию посредством установления:

- перечня информации Компании, относящейся к инсайдерской;
- порядка и срока раскрытия инсайдерской информации Компании;
- порядка разграничений прав доступа к инсайдерской информации Компании;
- порядка ведения, поддержания в актуальном состоянии списков инсайдеров;
- порядка и сроков уведомлений лиц в случаях их включения, исключения из списка инсайдеров Компании;
- порядка и сроков предоставления информации Компании лицами, обладающими доступом к инсайдерской информации Компании;
- ограничений для инсайдеров Компании;
- ответственности за разглашение инсайдерской информации Компании и эмитентов, в отношении которых Компания признана инсайдером.

4. Основные понятия, используемые в настоящих Правилах:

1) **инсайдерская информация** – достоверная информация о ценных бумагах (производных финансовых инструментах), сделках с ними, а также о Компании или Эмитенте, выпустившем (предоставившем) ценные бумаги (производные финансовые инструменты), осуществляемой Компанией или Эмитентом деятельности, составляющая коммерческую тайну, а также иная информация, не известная третьим лицам, раскрытие которой может повлиять на изменение стоимости ценных бумаг (производных финансовых инструментов) и на деятельность их Компании/Эмитента;

2) **инсайдер** – лицо, обладающее доступом к инсайдерской информации;

